

**Етістік – заттың қимылын,
іс-әрекетін білдіреді.**



Етістік құрамына қарай екіге бөлінеді:

1) дара етістік

2) күрделі етістік

1) дара етістік

→ бір ғана сөзден тұрады

2) күрделі етістік

→ екі не одан да көп сөзден құралып, бір мағынаға ие болады, бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

Мысалы, Бала күліп жіберді. Бала күліп жібере жаздады. Бала күліп жіберуге шақ қалды.

Сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырап кірігуінен жасалған күрделі етістіктер:

апар – алып бар, әкел – алып кел, әкет – алып кет, әпер – алып бер, түрегел – тұрып кел

Сөздердің қосарлануынан жасалған күрделі етістіктер:

бара-бара шаршады, айта-айта жалықты, күліп-күліп шығып кетті

Етістік тұлғасына қарай екіге бөлінеді:
1) негізгі түбір етістік; 2) туынды түбір етістік.

Негізгі түбір етістік етістік сөздің өзінен болады:

→ отыр, тұр, жүр, жатыр,
оқы, кел, барды, жүгірді,
жасаған, көрген

Туынды етістік басқа сөз таптарына сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

Рухтан
Әдеттен
Көмектес
Сырлас
Пікірлес
Жина

Бұрқыра
Күркіре
Жымыңда
Күлімде
Тасырлат
Ілгеріле
Жоғарыла
Ақырындат
Азсын
Көпсін
Ауһаула
Құраула
Уһле

Болымды етістік іс-әрекеттің орындалғанын, жүзеге асқанын білдіреді:

→ оқы, жазды,
айтқызды, орындады,
сана, жүгір

Болымсыз етістік іс-әрекеттің орындалмағанын, іске аспауын көрсетеді

Болымсыз етістік екі түрлі жолмен жасалады:

1) Синтетикалық тәсіл: негізгі және туынды түбір етістікке: -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары жалғану арқылы: жақындама, жүгірме, сұранба, күрсінбе, алыстатпа, тездетпе, т.б.


2) Аналитикалық тәсіл: -ған, -ген, -қан, -кен, формалы есімшеге жоқ, емес сөзінің тіркесуі арқылы: айтқан жоқ, келген жоқ, барған емес, көрген емес, т.б.

**Өздік етіс
(орындаушы өзі)**

-ын, -ін, -н
жұрнақтары

**Өзгелік етіс
(орындаушы өзге біреу)**

дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір;
-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз; -т



**Жаздыр, бердір, айттыр, келтір,
асыр, кетір, жасат, сөйлет**

Ырықсыз етіс (орындаушы белгісіз)

Орындаушы айтылмайды, іс-
әрекет өздігінен жасалғандай

-ыл, -іл, -л;

-ын, -ін, -н;

Айтылды, көтерілді, тасылды.

Ортақ етіс (орындаушы көп)

Қимылды орындаушы
біреу емес, бірнешеу
болады.

-ыс, -іс. –с

Тазаласты, көтерісті.

Етістік мағынасына қарай екіге бөлінеді:

1) сабақты етістік

2) салт етістік

Мысалы, Отты (нені?) үрлеген жағады, шындықты (нені?) іздеген табады. Ата-анаңды (кімді?) құрметте, үлкенді (кімді?) сыйла. Шығарма(ны) - не(ні?) жаз. Ән(ді) - -не(ні?) тыңда. Білім(ді) -не(ні?) үйрен.

Салт етістік тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етпейді.

Мысалы, Ата-анаңа (кімге?) құрмет көрсет. Қиындықтан (неден?) қорықпа. Жолдастарыңмен (кімдермен?) тату бол. Тілек (кім?) биледі, т.б.